

Қазақстан Республикасындағы мәдениет

Жариялау күні: 18.04.2025
Келесі жариялау күні: 20.04.2026

1. Негізгі ойлар

2. Мәдениет мекемелерінің динамикасы

3. Глоссарий

4. Әдістемелік түсініктемелер

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2025 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасында: 3920 қоғамдық кітапхана, 3076 мәдени-демалыс ұйымдары, 282 музей, 251 ойын-сауық және демалыс саябағы, 113 кинотеатр, 74 театр, 50 концерттік ұйым, 10 хайуанаттар бағы және 4 цирк жұмыс істеді.

2024 жылы ең көп келушілер кітапханалар (55 485,6 мың келу), кинотеатрлар (23 277,4 мың келу), ойын-сауық және демалыс саябақтары (15 598,1 мың келу), музейлер (6 665,4 мың келу) болды. Бұл ретте ең көп іс-шараларды мәдени-демалыс ұйымдары (224,2 мың бірлік), театрлар (16,7 мың бірлік), ойын-сауық және демалыс саябақтары (8,7 мың бірлік) және концерттік ұйымдар (6,4 мың бірлік) өткізді.

Өңірлік бөліністе 2024 жылы Алматы қаласы (5 581,5 мың келу), СолтүстікҚазақстан(4 512,4 мың келу) Түркістан облысының (4 083,7 мың келу) және Ақмола облысының (3 722,2 мың келу) кітапханалары ең көп келушілер болып табылады. Киносөанстарға ең көп қатысу Республикалық маңызы бар қалаларға тиесілі: Алматы қаласы – 7 844,6 мың келу, Астана қаласы – 4 027,8 мың келу, Шымкент қаласы – 1 929,4 мың келу. Музейлерге ең көп Түркістан облысында (1 170,1 мың келу) және Астана қаласы (955,8 мың келу) барады.

Кесте 1

2025 жылғы 1 қаңтарға арналған мәдениет мекемелерінің желісі

бірлік

	Театрлар	Музейлер	Мәдени-демалыс мекемелері	Кинотеатрлар	Кітапханалар	Концерттік ұйымдар	Саябақтар	Хайуанаттар бағы	Цирктер
Қазақстан Республикасы	74	282	3 076	113	3 920	50	251	10	4
Абай	1	9	123	4	137	1	6	1	-
Ақмола	2	17	261	2	341	1	6	1	-
Ақтөбе	2	21	202	3	234	2	8	-	-
Алматы	x	16	116	3	143	4	14	-	-
Атырау	2	15	84	6	139	2	13	-	-
Батыс Қазақстан	2	20	272	9	358	3	10	-	-
Жамбыл	2	18	205	6	276	2	10	-	-
Жетісу	x	15	137	2	148	1	4	-	-
Қарағанды	4	18	246	7	256	1	28	1	-
Қостанай	5	9	231	4	336	1	11	-	-
Қызылорда	1	14	173	3	209	1	1	-	-
Маңғыстау	2	7	43	9	70	1	9	-	-
Павлодар	3	12	266	5	226	1	7	-	-
СолтүстікҚазақстан	3	16	227	3	317	1	8	1	-
Түркістан	3	27	262	3	399	2	32	-	-
Ұлытау	x	7	43	x	52	1	3	-	-
Шығыс Қазақстан	1	9	173	3	170	1	6	2	-
Астана қаласы	10	7	1	11	27	7	21	2	1
Алматы қаласы	22	20	1	22	38	15	25	1	2
Шымкент қаласы	6	5	10	7	44	2	29	1	1


2. Мәдениет мекемелерінің динамикасы

2023 жылмен салыстарғанда келушілердің ең көп өсуі хайуанаттар бағында байқалады – 30,0%-ға, концерттік ұйымдарда – 12,1%-ға, мәдени-демалыс ұйымдары-11,5%-ға, киносөанстарға келушілер саны 10,9%-ға, музейлерде– 6,5%-ға, театрларға – 3,5%-ға өсті.

2024 жылы демалыс және ойын-сауық саябақтары өткізетін іс шаралар саны 24,0% арты, цирктер-13,5%-ға, мәдени-демалыс ұйымдарды өткізетін іс-шаралар саны 8,8%-ға және театрлар өткізетін іс-шаралар саны 0,7%-ға ұлғайды.


Мәдениет мекемелеріне бару

мың келу



Мәдени-бұқаралық іс-шаралар саны

мың келу



Электрондық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы кітапханалар мен музейлердің қызметі](#)
[Қазақстан Республикасындағы кинематографиялық ұйымдардың қызметі](#)
[Қазақстан Республикасындағы театрлар мен цирктердің қызметі](#)
[Қазақстан Республикасындағы мәдени-демалыс және концерттік ұйымдардың қызметі](#)
[Қазақстан Республикасындағы ойын-сауық және демалыс саябақтарының, хайуанаттар бағының және океанариумның қызметі](#)

Динамикалық кестелер:

[1995 жылдан 2024 жылға дейін мәдениет мекемелерінің болуы.](#)
[Кітапханалардың қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[Хайуанаттар бағының қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін](#)
[Концерттік ұйымдардың қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[Мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[Музейлердің қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[2001 жылдан 2024 жылға дейін кино көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі.](#)
[Саябақтардың қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[Театрлардың қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)
[Цирк қызметі 2001 жылдан 2024 жылға дейін.](#)

3. Глоссарий

Кітапхана - ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындайтын, ұйымдастырылған баспа және қолжазба құжаттары қоры, графикалық, аудиовизуалды материалдар, электрондық жеткізгіштердегі құжаттар бар және оларды жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беретін мәдениет ұйымы.

Концерттік ұйымдар - әдебиет пен өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға жағдай жасау және көркем ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал ету үшін шаралар кешенін іске асыратын ойын-сауық ұйымдары.

Музейлер - музей экспонаттары мен музей коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілік алдында ұсыну үшін құрылған, мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын танымал етуді қамтамасыз етуге арналған мәдениет ұйымдар.

Театрлар - әдебиет пен өнер туындыларының сахналық қойылымдарын жүзеге асыратын ойын-сауық ұйымдары (драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық, хореографиялық, қуыршақ, пантомималар, балалар мен жасөспірімдерге арналған сатиралар мен әзілдер, жастар, эксперименттік).

Анимациялық фильм - бұл бейнелеу өнерінің графикалық әдістері мен әдістерін, компьютерлік графика мүмкіндіктерін, іс-әрекеттер мен көріністерді жандандыру арқылы жасалған фильм.

Деректі фильм - режиссер операторлық өнер, монтаждық жүйе және басқа да құралдар арқылы түсіндіретін өзекті оқиғаларды, шындық фактілерін тіркейтін сценарий сюжеті негізінде жасалған фильм.

Қысқаметражды фильм – алпыс минуттан аспайтын фильм қысқаметражды фильм болып табылады.

Толықметражды фильм – ұзақтығы алпыс минуттан кем емес фильм толықметражды фильм болып табылады.

Фильм - кез-келген нысанда және әртүрлі жанрларда шығармашылық ниет негізінде жасалған, кинопенкаға, магниттік пленкаға немесе тасымалдаушы түрлеріне бекітілген және тақырыптық тұтастыққа қосылған, бір-бірімен дәйекті байланысқан кадрлардан тұратын және тиісті техникалық құралдардың көмегімен қабылдауға арналған бейнеден, дыбыстық сүйемелдеуден тұратын аудиовизуалды туынды.

Фильм өндірісі – автордың шығармашылық ниетін жүзеге асыру процесі, нәтижесінде аудиовизуалды шығарма жасалады.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Шығарылымда мәдениет мекемелерінің (кітапханалар, театрлар, цирктер, музейлер, концерттік ұйымдар, ойын-сауық және демалыс саябақтары, хайуанаттар бағы мен океанариум, кинотеатрлар, мәдени-демалыс ұйымдары) жұмысы туралы статистикалық деректер келтірілген.

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Қысқаша статистикалық жылнама \(2024 жылғы алдын-ала деректер\)](#)

[«Қазақстан өңірлері 2024 жылы» статистикалық жылнамасы](#)

[«Қазақстан балалары» статистикалық жинағы](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Мәдениет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)

[1-мәдениет «Мәдениет мекемелерінің қызметі туралы есеп» нысаны](#)

[1-кино «Кино көрсетуді және кинофильмдерді шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы есеп» нысаны](#)

[Қазақстан Республикасындағы хайуанаттар бағының, океанариумның қызметі туралы, сапа туралы есеп, 2019ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы театрлардың қызметі туралы, сапа туралы есеп, 2019ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы концерттік қызмет туралы, сапа бойынша есеп, 2019ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы цирк қызметі туралы, сапа туралы есеп, 2020ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы кинематографиялық ұйымдардың қызметі туралы, сапасы бойынша есеп, 2020ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы ойын-сауық және демалыс парктерінің қызметі туралы, сапасы бойынша есеп, 2020ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі туралы, сапа жөніндегі есеп, 2021ж.](#)

[Қазақстан Республикасындағы музейлердің қызметі туралы, сапа туралы есеп, 2021ж.](#)
[Қазақстан Республикасындағы кітапханалардың қызметі туралы, сапа туралы есеп, 2021ж.](#)
[Мәдениет статистикасы, «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығаруға жауаптылар: Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент директоры: Г. Қарауылова Тел. +7 7172 749060	Орындаушы: Г.Джаманова Тел. +7 7172 749315 E-mail: g.dhamanova@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------
